zangazet@mail.ru

№51 (3479) 28 маусым 2022

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢНАМА ЖУРНАЛИСТ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

Бүгін Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Қазақ журналистикасы ұзақ жылдардан бері мемлекеттің өркениетті елдер қатарына қосылуына, азаматтық қоғамның іргетасының қаланып, құқық пен сөз бостандығының үстемдік құруына аянбай еңбек сіңіріп келеді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген қанатты сөзі де әлі күнге өзінің өзектілігін жойған жоқ. Керісінше, ауқымын, санын, сапасын, форматын кеңейтті. Жаңа заман талабына сай журналистерге қатысты заңдық, құқықтық нормалар да өзгеріп жатыр. Алдағы уақытта да қолданыстағы «БАҚ туралы» заң қайта толықтырылмақ.

(Соңы 3-бетте)

ЛЕБІЗ

БАСПАСӨЗ – КҮШТІ ҚАРУ

Құрметті журналистер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Жаңалықтар мен маңызды оқиғалардың ортасында болу – журналистің кәсіби міндеті. Қоғам журналистің сөзіне сенеді, әсіресе, егер ол адал болып, жақсылық пен жасампаздыққа қызмет етсе сенім тіпті жоғары. Сот жүйесінде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да «тәуелсіздік» сөзі шешуші мағынаға ие. Бұл құқықтық мемлекеттің мызғымас өлшемі.

Бүгінгі таңда мультимедиялық және сандық құралдардың мүмкіндіктері шексіз, бұл оқырман талап ететін мазмұнды жасауға мүмкіндік береді. Бірақ біз бәрінде өлшем, пікірталас мәдениеті қажет екенін ұмытпауымыз керек. Баспасөз – күшті қару. Оны қару ретінде мұқият және тиімді пайдалану керек.

Журналистердің кәсіби мерекесі алдында дәстүрлі түрде құқықтық тақырыпта жазатын тілшілерге ерекше алғыс айтқымыз келеді. Олардың саны аз, өйткені бұл оның ерекшелігін, көп жылдық тәжірибесін, талантын білуді қажет ететін күрделі тақырып.

Сот жүйесіндегі ауқымды реформаларды жария ету арқылы сіздер, шын мәнінде, біздің ақпараттық серіктесімізге айналдыңыздар. Журналистер кәсіби парызын адал, жігерлі және білікті атқара отырып, қоғамға жаңарудың мәні мен рухын жеткізеді.

Осы тамаша сәтті пайдалана отырып, Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Жаңа идеялар мен батыл ойларға толы сарқылмас шығармашылық қуат тілеп, ізгі тілектерімізді білдіреміз!

Мереке құтты болсын!

Сәкен АБДОЛЛА,
ҚР Судьялар одағының төрағасы
Жоғарғы Сот судьясы

ТҰЛҒА

ҚАЛАМГЕР

Жақсы бір адам жайлы толғаудың жауапкершілігі ауыр. Артық айту, асыра айтудың салмағы жазушыға емес, ең алдымен кейіпкерге жүк. Сондықтан да, бізге бүгін ұлы Абайдың «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегі» өлшем болсыншы. Ыстық қайратты – көрмекке, білмекке ұмтылу десек, нұрлы ақылды – жүрекке сәуле түсіріп, рухани кемелдену, ілім-білімге кенелу, жылы жүректі – иман ұялаған жан нұрымен бөлісу, шәкірт тәрбиелеу, ұрпақ өсіру деп тәпсірлейді ғалымдар. Осы үш өлшемнің үдесінен көріну күллі адамзат, саналы ғұмыр иесі ұмтылатын ең мәртебелі құндылық. Біз айналамыздан саналы, бейсаналы түрде осындай бір ізгі жандарды іздейміз, кездесе қалып, дәмдес, тұздас болып, марқайып жатсаң оны дәл Абай өлшеміне шендестірмесең де жақсы адам, көкірегі ояу, көзі ашық азамат деп риза көңіліңмен ой қорытасың. Осындай бір жаны жомарт, білгені мен көргені кемел жандардың бірі – Бейбітбек БҮРКІТБАЙҰЛЫ.

1979 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін тәмамдағаннан бергі еңбек жолына үңілгеннен-ақ Бейбітбек Бүркітбайұлының қарапайым ауыл жұмысшысынан басталған ізденісі оны жазуға таласы бар көп қаламгердің бірегейіне айналдырды. Журналистикадағы алғашқы қадамынан туған шығармалары мен баспасөз бетіндегі мәнді мақалалары бүгінде Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінің мұрағатында білікті маман еңбегін айшықтап тұр. Бейбітбек аға журналистика төріне өзінің адал еңбек, маңдай терімен, үздіксіз ізденіс, тоқтаусыз жұмысымен озды. Адал еңбектің нағыз қараторысы газеттегі жұмысын корректорлықтан бастап, тілші, бөлім меңгерушісі, аудандық баспахана директоры секілді қызмет сатыларынан өтті. Екінің бірінің қолынан келе бермейтін біздің кейіпкеріміздегідей төзім мен сабыр журналистикадай мәртебелі мамандықпен ұштасқанда ол адамның кәсібілікке жақындайтыны белгілі. Оған жастық амбицияны қосыңыз. Бейбітбек Бүркітбайұлы кеңестік журналистиканың көп кезеңінің куәсі. Қазақ журналистикасының қалыптасу дәуірін басынан өткере жүріп, қазақ журналистикасындағы талай корифейлермен замандас, әріптес болған азамат. Бұның бәрі Бейбітбек ағаның кәсібілігін шыңдады, аймақтық, республикалық басылым журналистерінің арасындағы беделін арттырып, ізденісін тереңдетті. Журналистикаға араласа бастаған жылдарын еске алған бір тұста ол кісі кеңестік кезеңді бастан кешірсе де қазақ журналистикасының ықпалы зор болғанын, халықтық проблемаларды көтеру мен жеткізуде әділетшіл, талапшыл болғанын айтады. Журналист назарына іліккен мәселе өз шешімін көп жағдайда тауып жататынын да жеткізеді. Оның осы жауынгер жанрдың бір шетінде жүргенін, жас маман ретінде елдік маңызы бар көп мәселені көтергенін, жазған дүниесі оқырман назарына ілігіп, оң шешімдерін тауып жататынын оның бүгін архив құжаттарына айналған мақалалары дәлелдейді.

(Соңы 4-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Айгүл ҚАПБАРОВА, Парламент Сенатының депутаты:

«БАҚ-қа БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ БИЛІКТІҢ БАҚЫЛАУЫНДА»

–Айгүл Жарылқасынқызы, бүгінгі жаһанданған заманда ешнәрседе шекара қалмай бара жатқандай. Бұл үрдістен журналистиканы бөліп алу тіпті мүмкін емес. Осы орайда тапқанымыз көп пе, жоғалтқанымыз көп пе?

– Бұқаралық ақпарат құралдарын төртінші билік деп босқа айтпайды ғой. Расында, қоғамның ең қозғаушы күші – журналистика. Жалпы, журналистикаға келген азаматтардың өзі ұлтжанды, патриот, яғни ерекше рухты болып келеді. Өзіміз журналистика факультетіне түскен кезімізде арамызда ақындар көп болатын. Бұл журналистика үшін үлкен артықшылық және мүмкіндік дер едім. Қазір ақпараттың жедел дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан журналистиканың рөлі күшеймесе төмендеген жоқ.

(Соңы 5-бетте)

ЖИЫН

АЛТЫН КӨПІР

Атырау облыстық соты Судьялар Одағының филиалымен бірлесіп, 28 маусым - Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында өңірдегі журналистердің басын қосып, кәсіби мерекемен құттықтады.

Облыстық сот төрағасы Бауыржан Жұмағұлов өзінің құттықтау сөзінде: «Біз үшін сот пен халық арасындағы негізгі байланыс жүйесі – бұқаралық ақпарат құралдары. Соттағы барлық жаңашылдықтар журналистер еңбегінің арқасында халыққа уақытылы түсіндірілуде. Біз облыс судьялары оны жақсы білеміз және жоғары бағалаймыз», – деп ілтипатын білдірді.

Судьялар одағы Атырау облыстық филиалының төрағасы Жасұлан Жақсылық сот жүйесі қызметін насихаттаудағы журналистердің кәсібилігін атап өтіп, жемісті ынтымақтастық үшін алғыс білдірді. Облыстық соттың БАҚ-пен өзара іс-қимылды үйлестіруші-судьясы Марина Черняховская журналистерге құттықтау тілегін арнады.

Жиында журналистерге Судьялар одағы филиалы төрағасының Құрмет грамотасы мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ОҢ ҚАДАМ

Түркістан облыстық сотында судья мен сот қызметкерлері күні салтанатты түрде атап өтілді. Іс-шара Түркістан облысы мәдениет басқармасының Конгресс холл көпсалалы кешенінің үлкен залында ұйымдастырылды.

ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Аталған салтанатты жиынға Түркістан облысының бірқатар мемлекеттік және құқық қорғау мекемелерінің бірінші басшылары, доғарыстағы ардагер судьялар, облыстық соттың төрағасы, алқа төрағалары, соттар әкімшісінің басшысы, судьялар мен сот қызметкерлері қатысты.

Жиынды облыстық соттың төрағасы Т.Мыятбеков алғы сөзбен ашып, кәсіби мерекенің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, сот жүйесінің тарихына қысқаша шолу жасады. Жиында облыс әкімінің міндетін атқарушы А.Жетпісбаев, мәслихат хатшысы Қ.Балабиев, Түркістан облысының прокуроры М.Алиханов, Түркістан облысының Ұлттық қауіпсіздік департаментінің бастығы, генерал-майор Ә.Дүйсебаев, Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Ж.Темірбековалар сөз сөйлеп, судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысына сәттілік пен абырой тілеп, мерекеге орай құттықтауларын жеткізді.

Іс-шара барысында Президент Жарлығымен жаңа тағайындалған судьялар мен ашық конкурс негізінде қабылданған әкімшілік мемлекеттік қызметшілер ант қабылдады. Сонымен қатар, концерттік қойылымдар өткізіліп, сот жүйесінің дамуына елеулі үлес қосқан судьялар мен сот қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар мен мерейтойлық медальдар табысталды.

Түркістан облыстық сотының баспасөз қызметі

ШАРА

КӘСІБИ МЕРЕКЕ МЕРЕЙДІ ӨСІРДІ

Қарағанды облыстық сотында Қазақстан Республикасы сот жүйесінің 30 жылдығы мен Судья және сот қызметкерлерінің мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті. Айтулы мереке облыстық сот ғимаратының алдында орналасқан Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды.

Әрі қарай жалғасын тапқан салтанатты жиынға Қарағанды облысының судьялар корпусы, сот ардагерлері, облыстың мемлекеттік органдары мен құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, сот мамандары қатысты. Шараны облыстық сот төрағасы Ерден Әріпов ашып, жиналғандарды мерейлі күнмен құттықтады.

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек сот корпусын кәсіби мерекемен құттықтай отырып, атаулы күннің белгіленуі судьяларға, сот қызметкерлеріне Конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қосқан үлесі үшін алғыс іспеттес екенін айтып өтті. Салтанатты жиын судьяларды, ардагер судьяларды, сот қызметкерлерін марапаттау рәсіміне ұласты. Іс-шара облыстық Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің ән-шашуымен аяқталды.

Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі

БАСҚОСУ

МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ

24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күніне орай салтанатты жиын өтті. Іс-шараға Маңғыстау облысының әкімі Н.Ноғаев, облыстық сот төрағасы Б.Әметов және алқа төрағалары, өңір судьялары, мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының басшылары, ардагер судьялар, сот қызметкерлері қатысты.

Іс-шараны Н.Ноғаев ашып, қатысушыларды мерейлі мерекемен құттықтады. Одан әрі құттықтау сөз Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Б.Әметовке берілді. «Тәуелсіз елімізде сот саласын реформалауға ерекше мән берудің арқасында көптеген жетістікке қол жеткізе білдік. Тәуелсіз сот жүйесі құрылып, құқық саласының тиімділігі артып, сотқа деген қоғамның сенімі қалыптасты», – деді Б.Әметов.

Салтанатты жиын судьялар, ардагер судьялар мен сот қызметкерлерін марапаттау рәсіміне ұласты.

Ұзақ жылдар бойғы жемісті әрі мінсіз қызметі және сот жүйесін дамытуға қосқан салмақты үлесі үшін соттармен тығыз қарым-қатынас жасайтын органдардың басшылары, ардагер судьялар, судьялар мен сот қызметкерлері «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» медальдарымен марапатталды. Бек Әметов «Барыс» төсбелгісін иеленсе, құқықтану саласындағы көп жылғы, мінсіз және жемісті еңбегі үшін II және III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен облыстық сот судьясы Айжан Молбаева, отставкадағы судьялар Итемген Орынбаев, Мағрипа Оразбаева, Марат Сабырбаев, облыстық соттың судьясы Мұрат Әубәкіров марапатталды.

«Үш би» құрмет белгілері Маңғыстау облыстық сот судьясы Наталья Комароваға, облыстық кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Лариса Шамгунова мен Ақтау қаласы №2 сотының судьясы Қанзиба Рыскалиеваға табысталды.

Іс-шарада алқа төрағалары, ардагер судьялар ақжарма тілектерін жеткізіп, мерекенің маңызына тоқталды. Салтанатты жиын судьялар мен сот қызметкерлерінен құралған топтың орындауындағы патриоттық әнмен жалғасты. Сондай-ақ, облыстық соттың ұйымдастыруымен фотокөрме өткізілді. Оған Маңғыстау облыстық соты ұсынған өңір соттарының тарихынан сыр шертетін жүзден астам сурет, алтын қорда сақталған бірнеше фотоальбомдар қойылды.

Сонымен қатар, фотокөрмеге осы уақытқа дейін Маңғыстау облыстық сотын басқарған төрағалардың мұрағатынан алынған жеке суреттер, сот жүйесі ардагерлерінің суреттері, өмірден озған судьялар мен сот қызметкерлерінің суреттері де қойылды. Фотокөрме барысында олардың ғибратқа толы өмір жолы, жасаған игі істері туралы естеліктер айтылды.

Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі

ИГІ ІС

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Қызылорда облыстық сотында судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі салтанатты түрде атап өтілді. Оны облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы А.Шығамбаев ашып, құттықтау сөз сөйледі. Одан кейін, ардагер судья А.Әнуарбеков сот ұжымын мерекемен құттықтап, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірсе, Судьялар одағының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы М.Еркінбеков сот билігінің қоғамдағы алар орны, сот жүйесіндегі елеулі оқиғалар туралы айтты. Мұнан соң сөз алған Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы С.Сүлеймен сот ардагерлерін, судьялар мен қызметкерлерін төл мерекемен құттықтай отырып, соттағы жаңашылдықтар, жеткен жетістіктер төңірегінде және сот тарихы мен бүгінгі күннің үндестігіне тоқталды.

Шараның негізгі бөлігі – мерекелік марапаттарды табыстау сәтінде ең жоғарғы судьялық марапат – ҚР Судьялар одағының «Үш Би» төсбелгісі отставкадағы судья Ә.Жаубасаровқа табысталса, «Судьялар одағының Құрметті мүшесі» төсбелгісімен отставкадағы судья А.Сайдуллаев, II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен отставкадаға судья Б.Қиязов, Қызылорда облыстық сотының судьясы К.Қаниева, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен отставкадағы судьялар Т.Ғани, Е.Сматұлы, А.Әнуарбеков, М.Иманбосов, З.Нұрсейтовтер марапатталды.

Сонымен қатар үстіміздегі жылғы қаңтар оқиғасында мемлекеттік мүлікті өрттен жанқиярлықпен қорғап, ерекше ерлік көрсеткені үшін «Сот жүйесінің үздігі медалі» Соттар әкімшісінің бөлім басшысы Е.Раушанбекұлы мен Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы Ж.Тойшиевке табысталды.

Мерекелік жиында жаңадан қызметке тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің ант беру рәсімі өткізіліп, шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

МІНБЕР

ТӘУЕЛСІЗ СОТ ТАРИХЫНДАҒЫ ТЫҢ БАСТАМА

Кәсіби мерекенің белгіленуі – судьялар мен сот қызметкерлері үшін үлкен қуаныш. Біз бұл күнді отыз жыл бойы күттік.

Осы уақытқа дейін сот билігінің айналасында еңбек етіп жүрген мамандардың арнайы мерекесінің жоқтығы талай рет айтылды, қаншама рет жазылды. Бірақ, мәселенің мән-маңызы жан-жақты көрсетілгенімен, нақты шешімі табылмай келе жатқан еді. Ал Үкімет басшысының 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі екенін растап, ресми қаулыға қол қоюы көңілімізге шуақ, қадамымызға қуат сыйлады. Бұл бастаманың сот корпусына қаншалықты оң әсер еткенін бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларға, әлеуметтік желідегі жазбаларға қарап байқау қиын емес.

Шындығында кәсіби мереке алдындағы бір айда жергілікті, облыстық, республикалық басылымдардың беті сот тарихын, сот ардагерлерінің еңбегін көрсеткен мазмұнды дүниелерге толып кетті. Әлбетте, сот саласына алғаш келген әр судьяға жол көрсеткен, бағыт сілтеген тәлімгер ұстазының болғаны анық. Бүгінде доғарысқа шығып, зейнеттің бейнетін көріп отырған ардагер аға-апаларымыздың сот саласын дамытуға, сот реформаларының сәтті жүзеге асуына сіңірген еңбегі зор. Бұған қоса олар өздерінен кейінгі жас буынның қанаттануына, шеберлігін шыңдауына, тәжірибесін дамытуға барынша көмек көрсетті. Төрелік етуге енді тәуекел еткен жас судьялардың сенімін нығайтып, университетте алған білімін тәжірибеде сапалы, сауатты қолдануына ықпал еткен ардагер судьяларға баршамыз қарыздармыз. Мереке қарсаңында аға буынның мерейін өсірген, мәртебесін көтерген осындай тағылымды мақалаларды оқып риза болдық. Дәл осы құрмет үзілмей, жылдар бойы жалғасса деп тілейміз.

Сонымен бірге, қаншама ұжымдардың үздік істерін, бірлікпен бітірген шараларын насихаттаған көптеген мақалаларды көзіміз шалды. Мұндай насихаттың да ортақ тәжірибе қалыптастырып, республиканың түкпір-түкпірінде бір мақсат, бір мүддеге сай жұмыс істеп жатқан судьялар қауымын таныс етуге, біріктіруге ықпалын тигізері күмәнсіз.

Қарап отырсақ, біздің арамызда сот саласына бүкіл өмірін арнаған азаматтар көп екен. Әсіресе, сот қызметкерлерінің ішінде мамандығына, кәсібіне берілген жандар баршылық. Бір сотта табан аудармай қызмет еткен мұндай мамандар ұжымның ұйытқысы, темірқазығы іспеттес. Олар саланың табысына шын қуанып, кемшілігін бірге түзеуге барын салуға даяр. Айналамызда жүрген осындай жанашыр, еңбекқор, ізденімпаз жандардың арқасында сот саласы алға басуда.

Жоғарыдағы мысалдар кәсіби мереке ардагерлерді түгендеп, үздіктерді анықтауға, ұжым арасындағы бірлік-ынтымақты арттыруға қызмет еткенін айғақтайды. Бұдан кейін кәсіби мерекеміз сот құрылымының мәртебесін көтеріп, беделін биіктетуге түрткі болады деп сенеміз.

Мақсат САДЫҚОВ,
Алматы облыстық №2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

№51 (3479)
28 маусым 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢНАМА ЖУРНАЛИСТ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл еліміз үшін ерекше оқиғаларға толы болды. Мемлекет басшысы жыл басында «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауын халыққа арнады. Мемлекеттік қызмет ел мүддесіне шын мәнінде қызмет ететін биліктің бір тармағына айналу керектігі де осы үндеуде ашық айтылды. Билік пен халық арасындағы алтын көпірге айналған журналистика мәселесі де Президент назарынан тыс қалған жоқ. Ол «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс», – деген еді. Бұл жолдауда БАҚ заңнамасын қайта қарау керектігін тиісті министрлікке табыстады. Бүгінде «БАҚ туралы» заңға қандай өзгерістер енгізілуі қажеттігі, журналистиканы тәуелсіз мінбер жасаудың жолдары әріптестер ортасында қызу талқыланып жатыр. Өз кезегінде біз де БАҚ өкілдерінен пікір сұрадық.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
«Шалқар» радиосының бас редакторы:

«Әріптестердің әлеуметтік мәселесі көтерілгені жөн»

– Әрбір заң жобасын дайындаған сәтте, белгілі бір жұмысшы топ болады. Сол жұмысшы топ ішінде практик-журналистердің болғаны абзал деп ойлаймын. Себебі, ол мамандар қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының ұстанымы, қызметі тұрғысында, тәжірибе тұрғысынан көп дүниелерді біледі. Сондықтан практик-журналистер атсалысып, БАҚ заңнамасын дайындау барысында сол мамандардың ойларына, идеяларына, ұсыныстарына мән берген дұрыс. Ал тармақтарға келер болсақ, сөз бостандығынан кейін журналистердің әлеуметтік мәселелері заңнан көрініс тапса деймін. Яғни, әлеуметтік пакеті мен мәселелерін заң тұрғысында бекітіп, бұл заң тармақтары арасынан табылғанын қос қолдап құптар едім.

Думан СМАҚОВ.
«FactCheck.KZ» сайтының бас редакторы:

«Жауаптылық басты орында тұрса деймін»

– Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл заңнаманы қайта қарауды тапсырғанынан барлығымыз хабардармыз. Қазіргі министрліктің заңды қайта қарайтыны немесе қолданыстағы заңға қандай өзгертулер мен толықтырулар енгізетіні қазір белгісіз болып тұр. Сонымен қатар, алға тартатын жайт, меніңше еліміздe БАҚ заңында, сөз бостандығы мен оған кепілдік беретін журналист жауапкершілігін ғана емес, мемлекетке де жауапкершілік жүктелсе. Мұнымен қоса, бұл заң жобасында барлық әлеуметтік желіге, басқа да платформаларға қатысты «Digital» құралдарына қатысы бар барлық дүниелер енгізілуін құптар едім. Ал қосымша тармақтар жайында мен еш нәрсе айта алмаймын, себебі, қазіргі сәтте заңды қабылдауға қатысты жұмыс тобының қатарында қызмет етіп жатырмын.

Бек БАЙТАС,
«Orda.kz» ақпараттық-талдамалық порталы қазақ бөлімінің шеф-редакторы:

«Мемлекеттік және тәуелсіз деп бөлген дұрыс емес»

– Президент Тоқаевтың БАҚ-қа деген назары ашық, нейтралды түрде болып жатқаны белгілі. Мәселен, «Қаңтар қырғыны» кезінде басылымдар тәуелсіз жұмыс жасады. Атыс болған жерден, адам шығыны болған жерлерден де ақпараттар тарады. Міне осындай дүниелер көбіне билікке ұнай бермейді. БАҚ туралы заңнама жасауды қолға алуға осындай жағдайлар түрткі болды деп ойлаймын. Ендігі мәселе, заңнаманы дайындау кезінде бізге ең алдымен тәуелсіз басылымдардың басшылары мен құрылтайшыларын тарту керек. Себебі, мемлекеттік БАҚ-тың қалай да болса белгілі бір шеңбердің ішінде жұмыс жасайтындығы белгілі. Ал бұл, қаншама жылдардан бері келе жатқан дүние. Алдыңғы аға буын осы күнге дейін айтып келді, жас мамандар бойына сіңіріп, керек дүниелерін алғанын жоққа шығармаймыз. Ал енді, заңнаманы жасау кезінде бізге депутаттар, депутат болып жүрген журналистер, «Егемен Қазақстан», «Қазақпарат», жалпы сайт-газеттердің басшыларын жинап және шетте жүрген ақиқатты ашып жазбаса да, белгілі мөлшерде жеткізіп отыратын журналистерсіз заң жобасын жасауды дұрыс деп ойламаймын. БАҚ өкілдеріне арналған заңнама болған соң, кемінде елдің құлағы һәм тілі болып жүрген газет-сайт адамдарын жинап, заң жобасын жасау керек.

Заңға қатысты нақтылы мәселе ұсына алмаймын. Өйткені, қазірдің өзінде БАҚ туралы заңның әлеуеті мен күші біраз дүниеге жетіп тұрғаны анық. Бірақ, тағы да қосатын жағдай болса, тәуелсіз немесе мемлекеттік БАҚ деп бөліп-жармай, екеуін бір бұқаралық ақпарат құрал ретінде қарағаны жөн. Тәуелсіз ақпарат құралдары жазатын ақпаратты мемлекеттік басылымдар да айтуы керек. Ешқандай көзбояушылыққа бой алдырмай, негатив болсын, позитив болсын, нейтралды жазу керек. Осыдан кейін барып қазақ тілді сайттардан сауаттылықты талап ету туралы заң жобасын міндетті түрде қабылдаған жөн. Бұл тек сайт қана емес, жарнама мәтіндері және тағы басқа да дүниелерге қатысы болғаны құба құп. Себебі, сауатты оқырман сауатты болашақ екенін ұмытпаған абзал. Жалпылама айтқанда, БАҚ-тағы қазақ тіліне темірдей тәртіппен қараса екен деймін.

Алма КЕНЖЕБАЕВА,
«Exclusive.kz» сайтының атқарушы редакторы:

«Блогерлерді БАҚ-пен теңестіру – бұрыс қадам»

– Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жаңадан заңнама ұсынып, оның ішінде БАҚ-қа тек журналистерді емес, сонымен қатар блогерлерді де қосып отырған жайы бар. Олардың айтуынша, ақпараттық алаңда онлайн платформада сол мамандардың да қызметі бар деп есептеледі. Ең алдымен осы жайтты жіті қарау керек, себебі мұның арты жақсылыққа апармауы мүмкін. Бұлай деуімнің себебі, біз яғни, журналистер өзіміздің жазғанымызға, әрбір сөзімізге заң аясында жауап береміз. Яғни, ақпарат ағымында балансты ұстап, нейтралды көзқараспен жұмыс жасаймыз. Ал, блогерлер болса тек «ыстық» ақпаратпен жұмыс жасап, соның аясында ой өрбітіп отырады. Осы тұрғыда ол мамандар көбінде жауапқа тартылмай жатады, себебі БАҚ заңнамасында блогер мамандарына арналған тармақтар жоқ. Осындай ақсаған тұстарды пайдаланып, шенеуніктер және басқа да адамдардың блогерлерді өздерінің жеке мақсаттарына пайдаланған тұстары болған. Осыған орай блогерлердің БАҚ қызметкерлерімен қатарласуына жол бермеу керек.

Заңнамаларды жазу барысына аға буын атсалысса, мәселен Сағымбай Қозыбаев, Нұртөре Жүсіп, Сейітқазы Матаев, Бибігүл Жексенбай, Гүлнара Бажкенова, Тамара Калеева сынды нағыз мамандар заңнаманы құрайтын болса, құжаттың шикі тұстары болмайды деген ойды құптаймын. Журналистке ең әуелі еркін сұрақ қойып, еркін жазу тармағын меңгерген абзал.

Мият КӘШІБАЙ,
тәуелсіз журналист, қоғам белсендісі:

«Саясаткерлер де бұл талқыдан шет қалмаса екен»

– Президенттің БАҚ туралы заңды дайындау бойынша берген тапсырмасы орындалып жатыр. Менің бір білерім заңнаманы құру тобында ешқандай да тәуелсіз бұқаралық ақпарат өкілдері, журналистика алаңында жүрген маман, майталмандар бой көрсетпеді. Бір ғана мысал, брифингтерде шенеуніктерге ыңғайсыз сұрақтар қойып, қысымға ұшыраған, «Пегасус» тізімінде болған Серікжан Мәулетбай осы топқа өз кандидатурасын ұсынғанымен арнайы топ қатарына кіре алмағанын білемін. Ал арнайы құрылған топ меніңше Тоқаевтың заңды жетілдіру керек деген сөзіне сәйкес, ыңғайға көнетін құжат жасап, тәуелсіз журналистердің талабы орындалмай қалатындай.

Ал бұл заңды кім дайындау керек деген сұраққа келер болсақ, ең бірінші кезекте тәуелсіз басылым журналистері қатысуы керек. Мұнымен қоса журналистердің құқығын қорғаумен айналысып жүрген «Әділ сөз» сынды ұйымдар да қатысулары керек. Және елдің ертеңіне алаңдап жүрген саясаткерлер де бұл істен тыс қалмауы тиіс деген ойдамын.

Ғани ЕРКІНҰЛЫ

КИЕ

БАҒА ЖЕТПЕС МҰРА

Халықтың баға жетпес байлығы, елдіктің басты нышаны – мемлекеттік тіл.

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бабаларымыз қазақтың даналық, шешендік сөздерімен ел арасында туындаған дауларды ретке келтіріп, әділ шешім қабылдап отырған. Ел аузында «Әйтеке би жарып айтады, Қазыбек би қазып айтады, Төле би тауып айтады» деген ұлағатты сөздер бар. Олар өздерінің ақыл-парасаттылығымен, әділдігімен және қазақтың осындай нақыл сөздерімен халық арасында үлкен беделге ие болған ұлы тұлғалар.

Мәселен, Әйтеке би атамыздың «Қара қылды қақ жарған – жақсылардың белгісі» деген сөзінің астарында қаншама мән-мағына жатыр десеңізші. Осындай шешендік сөздер рухани ойымызды байытары сөзсіз.

Адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл болғандықтан, еліміз одан әрі дамып, мемлекетіміз өркендесін десек, әуелі ұлтты ұйымдастырудың құралы болып отырған қазақ тілінің мәртебесін көтеруде белсенділік танытуымыз керек деп ойлаймын. Соның ішінде сот саласында мемлекеттік тілді одан әрі көркейтіп, одан әрі дамытсақ нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Осы тұрғыда еліміздің соттарында қазақ тілін қолдану аясын кеңейтуде көптеген игі шаралар өтіп жатқаны белгілі. Мәселен, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуде біршама жұмыстар жасалды. Қазақ тілін көркейтіп, дамуына кедергі келтіретін мәселелерді талқылау бойынша мемлекеттік мекемелер өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, сот мамандары арасында семинар сабақтары өткізілді, оқу орны студенттеріне дәріс сабақтары оқытылды және республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінде мақалалар жарияланды.

Сол шаралардың біріне тоқталар болсам, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында қазақтың әдет-ғұрпын жандандыру және қазақ тілін дамыту мақсатында сот қызметкерлерімен қазақтың ұлттық киімін киген, қазақ тілінде өз шығармашылық өнерлерін ортаға салған мерекелік шара өткізілді. Бұл шарада ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. Жарыста жігіттер жағы өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар, қазақ тілін көркейту, жандандыру мақсатында ән айтылды, нақыл сөздердің мән-мағынасы талданды және мақал-мәтелдер бойынша сайыс ұйымдастырылды.

А.ШЕКЕНОВА
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

Ал мемлекеттік тілде мақала жазу бойынша, оның ішінде тіл мәселесі, мемлекеттік тілді меңгеру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына кеңсе мамандары Г.Сәрсенбаеваның «Тіл – ұлттың рухы» тақырыбында және Т.Аликуловтың «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбында мақалалары мерзімді басылымдарда жарияланды.

Еліміз дамып, мемлекетіміз өркендесін десек, қазақ тілінің қадір-қасиетін арттырып, жанашырлық танытайық!

ТҰЛҒА

ҚАЛАМГЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол кезде мерзімді басылымдардың беделі өте жоғары болды. Жергілікті атқарушы билік баспасөздің көтерген мәселесімен санаса отырып, әрбір жазылған сынды жауапсыз қалдырмайтын. Журналистің қаламына ілінген келеңсіздікті шұғыл зерттеп, сыннан нәтиже шығатын. Сондықтан журналистерге деген көзқарас та бөлек еді.

– Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетіне қызметке келген жылы аудандық партия ұйымының бірінші хатшысы Қ.Қазантаевтың қолдауымен екі бөлмелі пәтер алдым. Әлеуметтік тұрғыда қолдау бар, демек еш алаңсыз еңбек ету керек.

суына болады. Ал, басқа мамандықтарға келсек, зейнеткерлік жасқа жеткенде жұмысы өз-өзінен тоқтайды» – деп өз кәсібін мақтан етеді ардагер.

Бейбітбек Бүркітбайұлы журналистикадағы маңызы зор мақалаларымен қоса, өзінің шығармашылығын да бір сәт тоқтатқан емес. Қазіргі уақытта «Алаңжар» мен «Зәнзіл зар» деп аталатын екі өлеңдер жинағының авторы. Оның сыршыл өлеңдері сезімге, достыққа, бауырмалдыққа, отансүйгіштікке, патриоттық тәрбиеге үндейді. Автор кей тұстарда өнегелі өмірін сырттай бақылап, өз таразысында өлшейді. Ондайда, мынадай көркем шумақтар өріледі.

– Сағым болып, бал бұлақтан өпкен леп,
Тұра бермес табиғат та көктем боп.
Болса-дағы өктемсіген бектер көп,
Ала шапқын күндер босқа өткен жоқ.

ӨМІРДЕРЕК

Бейбітбек БҮРКІТБАЙҰЛЫ 1952 жылдың 16 маусымында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Ленин ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

1960–1970 жылдары Жалағаш ауданындағы «1 Май» ауылдық кеңесіндегі №32 орта мектебінде оқыған. 1979 жылы С.М Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) Қазақ мемлекеттік университетін тәмамдаған. Еңбек жолы 1970 жылы Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылында басталып, 1971 жылдан бастап баспасөз саласында жалғасқан. 1971–1987 жылдары Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінде корректор, тілші, бөлім меңгерушісі, аудандық баспахана директоры, 1987–2000 жылдары Қызылорда облыстық баспаханасының директоры, «Яксарт» және діни-танымдық «Шырағдан» газеттерінің бас редакторы, 2000–2019 жылдары республикалық «Құқықтық Қазақстан», «Алтын орда», «Заң газетінің» және «Қазақстан Заман» газетінің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі қызметтерін атқарған. 1980 жылдан бастап Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақ журналистикасының қайраткері.

Қазіргі уақытта Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамының құрылтайшысы.

Ұлт тағдыры республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалы директорының орынбасары

Осылайша жергілікті басылымдағы шығармашылық ортада жүріп, журналистік жұмыстың қыр-сырына қанығып, көп тәжірибе жинақтадым. Ол кезеңде негізгі өндіріс орны саналатын баспахана қызметінің экономикалық маңызы ерекше болатын. 1986 жылдан бастап аудандық, ал 1989–1999 жылдар аралығында облыстық баспаханаға басшылық еткен уақытымда талап деңгейіне сай өнім көлемін арттырумен қатар, онда еңбек етіп жатқан жұмысшыларға лайықты жағдай жасауды да басты назарға алдық, – дейді Б.Бүркітбайұлы.

Республикалық «Алтын орда», «Заң газеті», халықаралық «Қазақстан Заман» газеттерінде де Б.Бүркітбайұлының қолтаңбасы сайрап жатыр. Қалың бұқараның мұң-мұқтажы мен аймақ халқының ауыр тұрмыс-тіршілігін ашық айтып, талай өзекті жайлардың оң шешімін табуына атсалысу кәсіби ғана емес, азаматтық өлшем де. Бейбітбек Бүркітбайұлы журналистикадағы бұл белесті де абыроймен жүріп өтті. Республикалық құқықтық, қоғамдық-саяси «Заң газетінде» ардагер қаламгердің құқық мәселелерді қаузаған көптеген мақалалары жарық көрді. Еңбек дауларын зерттеді, қысым көргенге қарымды қаламымен қалқан болды. Бүгінгі таңда да қаламгер «Бейнеттің зейнеті» деп қол қусырып қарап жатқан жоқ. Қоғамда, өз айналасында болып жатқан әрбір оқиға, жағдай ол кісінің назарынан тыс қалмайды. «Журналистика қиындығы мен қызығы қатар жүретін жұмыс. Жалпы, журналист барлық саланың тыныс-тіршілігінен хабардар болуы керек. Бұл мамандықтың тағы бір ерекшелігі – жасың ұлғайса да жұмысың тоқтамайды. Қаламың қолында, қоғам үшін маңызды мәселе болса бейтарап қалмай, қай уақытта да аралаған болсаң, ...Кешегі күй, кешегі ән, жыр қандай,
Не көрмеді лажсыздан бұл маңдай?
Мәңгі өмір – теңізі жағасында
Халіміз бар, қайық күтіп тұрғандай, – дейді.

Бейбітбек Бүркітбайұлының елге сіңірген өлшеусіз еңбегі елеусіз қалған жоқ. Бүгінгі таңда ардагер ҚР мәдениет қайраткері, «Қазақстанның Құрметті журналисі», «Қазақ журналистикасының қайраткері», «Ақпарат саласының үздігі», Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медальдарының иегері. ҚР Бас прокуратурасының, ҚР Жоғарғы Сотының, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, Қызылорда облысының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Бейбітбек Бүркітбайұлы қызметтік ортада ғана емес, өз отбасы, ағайын-туыс, досжарандарының ортасында да сыйлы, қадірлі азамат. Жұбайы Күлайша Көшербаева білім саласының үздігі, құрметті ұстаз, қазіргі таңда зейнеткер. Екеуі бір қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірген. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, балалары қазіргі таңда әр салада абыройлы қызмет етіп жүр. Қос ардагердің 11 немересі бар.

Қазақта: «Еңбегімен ер сыйлы, Өнбегімен жер сыйлы», «Еңбегіне қарай – құрмет, Жасына қарай – ізет» – деген аталы сөз осындайда айтылса керек. Мерейлі 70 жасы тұсында Бейбітбек Бүркітбайұлына зор денсаулық, бақытты ғұмыр тілейміз. Рухани кемелденген адам ретінде ізгіліктің ілімін шашып, жас ұрпаққа үлгі бола беріңіз!

Жадыра ҚҰРМАНБАЙ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Қарлыға МЫСАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті деканының орынбасары:

«УНИВЕРСИТЕТ – БОЛАШАҚ ҚОҒАМ ИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ»

– Журналист деген кім? Оған жүктелген міндеттер қандай?

– Әр дәуірдің өзіндік даму ерекшелігі бар және кез келген мамандық соған бейімделеді. Мәселен, біз өткен ғасырдағы Алаш журналистикасының өкілдерін ең алдымен журналист ретінде емес, қоғам қайраткері, ағартушы ретінде қабылдаймыз. Ал, «XXI ғасырда журналист деген кім?» деген сұрақты жалпылай қойсақ, оған арнайы кәсіби журналистік білімі болмаса да, медианың немесе әлеуметтік желінің ақпарат тарату қызметіне атсалысып жүргендердің барлығы мен де журналиспін деп айтуы мүмкін. Десек те, кәсіби журналистің қалыптасқан қағидасы бойынша, нағыз журналист – ақпарат алу, жинақтау және оны кәсіби деңгейде тарату қызметімен айналысатын кәсіп иесі. Цифрлық қоғамда журналист міндеті мен жауапкершілігі өте үлкен. Осыған дейінгі дәстүрлі журналист үшін тек қолындағы қаламы негізгі қаруы болса, қазіргі журналист қаламмен жазуды ғана емес, жаңа технологияларды меңгерген, ақпараттық сауаттылықтың ережелері мен журналист этикасын білетін, ашық немесе жабық дереккөздердегі үлкен деректерді түсіне алатын және оны кәсіби тұрғыда қарапайым халыққа жеткізе алатын тұлға болуы керек. Себебі, цифрлық кезеңде журналистика саласы көз ілеспес жылдамдықпен дамуда.

– Қазір журналистерді дайындайтын курстар бар. Университет қабырғасындағы білім мен курстан алған ілімді салыстыра аламыз ба? Жалпы, курстан алған білім арқылы бірден журналист болу қаншалықты орынды?

– Қазіргі кезде интернетке кез келгеннің қолжетімділігі бар, сондықтан болашақта сауатты, кәсіби біліктілігі жоғары маман боламын деген кез келген тұлғаға мүмкіндік шексіз. Білім беретін онлайн платформалардан әлемнің Стэнфорд немесе Гарвард университеті секілді жетекші оқу орындарындағы үздік ғалымдардың да курсын ақысыз оқуға болады. Сонымен қатар, қысқа мерзімде журналистерді белгілі бір тақырыпта немесе белгілі бір салада, мәселен, «Дата журналистика», «Фактілерді тексеруді меңгеру», «Медиа сауат», тағы басқа тақырыптарда өтетін курстарды таңдауына болады. Көп жағдайда бұл курстарды ұйымдастырушылар қандай да бір халықаралық қорлардан қаржыландырылатын халықаралық немесе отандық ұйымдар. Осы курстарды университеттегі біліммен салыстыра аламыз ба деген сұраққа жауап іздесек, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Университеттің немесе халықаралық ұйымның бұл курсты өткізудегі негізгі міндеті – болашақ журналистерді медиа нарықтың сұранысына сай дайындау. Басты ерекшелігі – университеттегі білім көп жағдайда теорияға, ал курстарда тәжірибеге басымдылық береді. Сондықтан, жастардың басым көпшілігі қысқа мерзімді курстарды таңдайды. Екінші жағынан, университет қабырғасында арнайы білім алмай-ақ, қысқа мерзімді курс арқылы толыққанды сапалы журналист болады дегенге сену қиын. Себебі, университет ол тек жаңа технология немесе бір ғана саланы оқытпайды. Университет – болашақ қоғам иесін қалыптастырушы академиялық орта. Кеше мектеп қабырғасынан шыққан он жеті немесе он сегіздегі жастар төрт жылдың ішінде тұлға ретінде қалыптасады, өз мақсаттарын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, университет қабырғасында сапалы білім алу тек журналистика үшін емес, барлық сала үшін маңызды.

Ал курстарға келер болсақ, ол жастардың журналистік тәжірибесін арттыруға қосымша мүмкіндік деп бағалауға болады. Өкінішке қарай, ол курстардың барлығы сауатты немесе сапалы деп қорытынды жасау ертерек. Сондықтан, болашақта осы университет пен халықаралық ұйымдар арасында өзара тығыз байланыс орнауы керек деп ойлаймын.

– Журналистикадағы сіз байқаған кемшіліктер мен мәселелерге тоқталсаңыз?

– Қазақ журналистикасының басты кемшілігі ретінде үш нәрсені атауға болады. Біріншіден, бізде сауатты, талдамалы немесе аналитикалық материалдар жоқтың қасы. Осыдан келіп шығатын екінші кемшілік – журналистикадағы жаңашылдық дегенде жаңа технологияны пайдалануды үйрендік, алайда, оның мазмұнын сол цифрлық технологияның талабына сай жасауға бейімделу деңгейі төмен. Мәселен, COVID-19 кезінде Нью-Йорк Таймс немесе BBC, т.б. әлемнің үздік ақпарат құралдары деректерді әртүрлі форматта сөйлете білді. Сол арқылы аудитория қысқа және нұсқа берілген ақпараттарды үздіксіз қадағалап отырды. Яғни, олар ақпараттық технологияның көмегімен деректерді дұрыс форматта беруге бейімделді және дата журналистика алдыңғы қатарға шықты. Сондықтан, үшінші кемшілігіміз – дата журналистиканы жедел және дұрыс меңгеруге назар аударма отырмыз. Сонымен қатар, біз әлеуметтік желінің ақпарат таратудағы позитивті немесе негативті салдарын ескермей келеміз. Біз кез келген ақпаратты ең алдымен әлеуметтік желі арқылы алуға бейімделдік, алайда қоғамдағы медиасауаттылық деңгейі әлі төмен. Себебі, қазір жалған ақпараттың таралу жылдамдығы зымыраннан да тез. Сондықтан, кез келген кәсіби біліктілігі жоғары журналист ақпараттың растығын немесе жалғандығын тез айыра білуді меңгеруі тиіс.

– Талапкерлерге қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– Мен осыдан 30 жыл бұрын талапкер болған екенмін, сонда біздің дәуірдегі журналист болғысы келетін жастар сонау мектеп қабырғасында жүріп әртүрлі газет-журналдарда шығарған материалдарын жинақтап, арнайы папкаға толтырып әкеліп, сол арқылы журналист болу арманы екенін дәлелдейтін. Бүгінгі таңда сол талап әлі жалғасып келеді. Ең алдымен, журналист боламын деген талапкер екі нәрсеге дайын болуы керек деп ойлаймын. Біріншіден, журналист – қарапайым халық пен билік арасында тұрған көпір. Яғни, қазірден бастап халықтың үнін естуге, қоғамдағы өзекті мәселе қандай деген сауалға үнемі жауап іздеуге және оны шынайы жазуға үйрену керек. Екіншіден, журналистиканың озық тәжірибелерімен танысу үшін шет тілдерін меңгеруге талпыну керек. Заман талабы – жеті жұрттың өнері мен білімін меңгерген маман болу. Себебі, ғаламдастыру әлемді бір сәтте бір шағын ғана ғаламға айналдырды және журналистиканың ондағы рөлі зор. Сондықтан талапкерлердің болашақта Жаңа Қазақстанды әлемге танытатын кәсіби біліктілігі жоғары журналист болуына тілектеспін.

– Қарлыға, танымдық, мазмұнды сұхбатыңызға рақмет. Алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

№51 (3479)
28 маусым 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Айгүл ҚАПБАРОВА, Парламент Сенатының депутаты:

«БАҚ-қа БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ БИЛІКТІҢ БАҚЫЛАУЫНДА»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Озық технологиялар, блогерлердің пайда болуы, ақпарат алу көздерінің көбеюі дәстүрлі журналистикаға деген көзқарасты өзгертті. Бірақ қалай болғанда да бәрібір дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары керек. Жоғары оқу орнында журналистиканың жанрларын оқып, үйренген мамандардың кәсіби шеберлігі де, жауапкершілігі де жоғары болады. Әрине, қазіргі заманға сай журналистиканы жаңғырту керек деп ойлаймын. Бүгінде заманға сай телефонмен монтаждай беретін, әмбебап, ұтқыр журналистер көбейсе нұр үстіне нұр. Журналистика өзінің ұлттық негізінен ажырамауы қажет.

Қазір кейбір жанрлар жоғалып кетті. Мүлде қысқа, нұсқа ақпарат беруге көштік. Қазақ журналистикасының басқа әлемдік журналистикадан ерекшелігі байыптылығы, мәселені тереңнен қаузап, шешен тілмен жеткізетіндігі. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазіргі кейбір түсініктерге біздің алдыңғы толқын ағалар қайран қалып, кейде тіпті шошып жатады. Олар, әсіресе, сұрақтардың төтесінен, өткір қойылатындығын қабылдай алмайды. Бұл өзіміздің ішкі этногендік мәдениетке байланысты шығар. Шығыстық тәрбиеге, менталитетке өрекпіп, бірден бас салатын журналистика жат. Қазақ журналистикасына мақтамен бауыздау тән. Алқын-жұлқын әдістер батыстан келген үрдіс. Біз айқайламай-ақ, көп мәселені мәмілемен шешіп келген, сөздің қадірін білетін елміз. Осы бастауымызға оралып, ұлттық журналистикаға мән беруге тиіспіз. Сонда халыққа жақын бола түсеміз.

– Қазіргі таңда бұл мамандықты қажетсіз деп санайтындар бар. Бұл пікірге не дейсіз?

– Жоғарыда айтқанымдай, бәрібір кәсіби білім алған журналистердің орны бөлек. Тик-ток, фейсбук секілді әлеуметтік желілер қанша жерден ақпараттар беруде жылдамдық танытып тұрса да, көзіқарақты қауым таза журналистік сайттарды, кәсіби ақпарат көздерін іздейді. Тик-токта айта береді, ютубтағы материалдар шындыққа сай емес, алып-қашпа сөз деп, ресми жаңалыққа сүйенеді. Жалпы, шын сөздің қадірін білетіндер, кәсібілікті бағалайтындар барда журналистика әрқашан сұраныста. Оның үстіне қазіргі таңда қазақ журналистикасы да уақыт ағымынан қалып жатқан жоқ. Бүгінде ақпараттық технологияның мүмкіндігін пайдаланып, елдің қай түкпірінен болсын жедел де сауатты ақпарат таратуда.

– Бүгінгі журналистикада шектеулер көп. Журналистер лауазымды адамдар туралы, олардың қызметтері мен статистикалар жайлы ақпараттарды алуда көп кедергілерге ұшырайды. Бұл мәселедегі сіздің көзқарасыңыз қалай?

– Бұл мәселені шешу үшін «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға өзгеріс керек деп ойлаймын. Онда шенеуніктердің киім киісінен бастап, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзіне дейін екшейтін өлшемдер болу керек. Сонда біз олардан талап ете аламыз. Егер мемлекеттік қызметке келгеннен кейін шенеуніктердің әрекеті қоғамдық сипат алатын болса, кез келген сұраққа жауап беруі тиіс. Шетелдерде тұлғалардың жеке басына қатысты да мәліметтер ортаға салынып, отбасыларындағы кикілжіңге дейін талқыланады. Өйткені, оларда мемлекеттік қызметкер мінсіз болып, қоғамның барлық сұранысына жауап беруі керектігі заңмен айқындалған. Жалпы, дамыған елдерде мемлекеттік қызметкерге талап көп. Германияның канцлері көшеде жүріп, жұртпен дүкенге кіріп сауда жасаса таңғалып жатамыз. Оларда бұл әдеттегі жағдай. Бізде мемлекеттік қызметкердің дәрежесіне қарай жеке басына табынамыз. Партия құрылса да жетекшіге бас ұрып кетеміз. Негізінде біз оның өзіне емес, бағдарламасына қарауымыз керек. Дамыған елдерде министрдің кім екеніне емес, жүзеге асырып жатқан жоспарына, атқарып жатқан жұмысына назар аударады. Бірте-бірте біз де осыған келеміз. Мемлекет басшысы да ешқашан бір адамға шексіз билік бермеу қажеттігін көтеріп отыр. Қоғам осыған үйреніп келе жатыр. 70 жылға жуық кеңестік кезеңде бізде жеке басқа табынушылық көп болды. Қазақтың көрмегені жоқ. Бірақ біздің халықтың бойында еркіндік бар. «Хан емессің қасқырсың, қас албасты басқырсың» дегенді айтқан халықпыз. Дала парламенті болды. «Күлтөбенің басында күнде жиын» дегендей, барлық елдік мәселелерді жиналып, мәжіліс құрып шешкен. Қазіргі таңда қолданылып жүрген мәслихат, ақ орда деген сөздер қазақ мемлекетінің болғандығын дәлелдейтін тарихи атаулар. Яғни, біз бұрыннан ел болып қалыптасқан, мемлекет болған елміз. Сондықтан бізге мұндай мәселелерді шешуде кедергі жоқ.

– «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң жобасы дайындалып жатыр. Онда қазақ журналистикасының рөлін көтеру үшін қандай тетіктер жасалу керек деп ойлайсыз?

– Президент журналистиканы дамытуға ерекше мән беріп отыр. Қазір бұл салада мәселе көп. Мынандай бір парадокс бар. Негізі біз тәуелсіз журналистиканы дамыту үшін билікке бағынышты болмауымыз керек. Алайда, мұндай еркіндікке жету сөз бостандығының маңызын түсінетін сананың арқасында мүмкін болмақ. Оған билік дайын ба, мен сені асырап отырмын, сен неге менің кемшілігімді жазасың деп шөміштен қысса не істей аламыз? Осы сұрақтың оң жауабы көп мәселенің шешімі. Шын мәнінде БАҚ-қа бөлінетін қаржы биліктің қалтасынан шығып жатқан жоқ. Ол – халықтың салығы. Өкінішке қарай, осыны түсіну деңгейі төмен. Бәрібір де билік тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарына ықпал болады. Мемлекеттік газет, мемлекеттік телеарна дейтін де ұғым жоқ, акционерлік қоғамдар бар. Олар белгілі бір топтардың мүддесіне қызмет етуі мүмкін. Сондықтан таразының екі басын тең ұстау қажет-ақ.

– Бұған қалай қол жеткізуге болады? Өзіңіз де журналистиканың қазанында қайнаған жанның бірісіз. Шетелдік тәжірибені де едәуір зерделегеніңіз байқалады.

– Мемлекеттен қаржыландырылса да журналистикаға еркіндік берілу керек. Қазір бұдан басқа шешім көріп тұрған жоқпын. Өзін өзі асырап, өзін өзі қаржылай қамтамасыз ететін бірде-бір бұқаралық ақпарат құралы жоқ. Мемлекеттің идеологиясы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүреді ғой, басқаша мүмкін емес. Сондықтан журналистер мемлекетті, билікті біздің сөзімізге цензура қоятын обьект деп қарамау керек. Билік те мен сені асырап отырмын, не айтсам соны жазасың деуге тиіс емес. Журналист те еркіндіктің жөні осы екен деп, не айтқысы келсе соны айтуға тиіспін деген ұстанымнан аулақ болғаны жөн. Тоқетерін айтқанда, билік те, бұқаралық ақпарат құралдары да кез келген мәселеге ұлттық мүдде, мемлекеттік саясат тұрғысынан қарау керек. Осындай көзқарас болғанда ғана дұрыс жұмыс жүреді. Дәл қазір үлкен медиа ұйымдарына өз күніңді өзің көр деу қауіпті. Олар егер мемлекеттен қолдау көрмей, инвесторлардың көмегіне ғана арқа сүйейтін болса, инвесторлардың талабына сай елге дұрыс ақпарат таратпай, халықтың бірлігіне, идеологияға қайшы келетін дүниелер жасауы мүмкін. Сондықтан ел мүддесі үшін БАҚ-қа мемлекет тарапынан қолдау қажет.

– Жалпы БАҚ пәрменділігін арттыру үшін заңнамаға қандай ұсыныс қосқан болар едіңіз?

– Мемлекет басшысының өзі БАҚ-тың жұмысын жандандырып, қоғамдағы рөлін арттыруға айрықша мән беріп отыр. Осы тұрғыда тиісті заңнамаға өзгерістер енгізу қолға алынып жатыр. Меніңше бұл мәселе кәсіби ортада терең зерделеніп, кең көлемде талқылануы керек. Журналистер заң жобасы бойынша құрылған жұмыс тобына кіруі тиіс. Өздеріңізге белгілі, пандемия уақыты кезінде дұрыс ақпараттың дер кезінде берілмеуі адамдар арасында әртүрлі қауесет тудырды. Бұған құзырлы орындардан ақпарат алудың қиындығы да себеп. Ақиқатын айту керек, журналист сұрауына сол сәтінде жауап ала алмады. Ол қандай жағдайда болмасын заңмен айқындалған белгілі уақытты күту керек. Егер асықпай, талдап жазатын мақалалар болса әңгіме басқа. Ал дер кезінде берілмесе өзектілігі жойылатын маңызды ақпараттар үшін мұндай ереже қисынсыз. Тіпті, журналистердің сұрауын күтпей-ақ қоғамда резонанс тудырған, халықтың назарында тұрған мәселе бойынша бірден брифинг өткізіп, ақпараттар беруге болады. Алайда, кейбір құзырлы орындар өрт сөндіруші секілді. Оларда қоғамды дүрліктірмей мәселенің алдын алу жоқ. Көп жағдайда «жау кеткен соң қылышыңды тасқа шаптың» керін келтіріп жатады.

Сонымен қатар журналистерге де картбланш берілу керек. Мысалы, құқық қорғау қызметкерлері, дәрігерлерге пандемия кезінде осындай мүмкіндік ұсынылды ғой. Шыны керек, журналистер үшін МАИ бекеттерінен өту, маңызды шараларға қатысу арнайы рұқсатсыз, алдын ала тіркелусіз мүмкін емес. Бұл қауіпсіздік үшін қарастырылған шаралар болса да, журналистерге осы тұрғыда еркіндік берілуі қажет сияқты. Бірқатар шетелдерде журналистер көлігін қалаған жерге қойып кете береді. Бізде журналистер үшін бұл кәдімгі проблема. Осыны да ойластыру керек. Сонымен қатар көшеаралық көліктерде тегін жүруге рұқсат берілу қажет деп ойлаймын. Оқыс оқиғалардан сақтандыру, дәрігерге қаралу, жиі тап болатын стрестік жағдайларда психологтың қызметін ұйымдастыру да ескерілуге тиіс мәселелер.

Қазір бір минутта миллион адам ақпарат көреді екен. Осы сұранысқа сай жұмыс жүру керек. Ал бұл мәселе құзырлы орындар тарапынан ынта болмаса шешілмейді. Сондықтан «БАҚ туралы» заңға арнайы тетік енгізіліп, мәліметтердің қолжетімділігі қамтамасыз етілуі керек. Сонымен қатар журналистерге де картбланш берілу керек. Мысалы, құқық қорғау қызметкерлері, дәрігерлерге пандемия кезінде осындай мүмкіндік ұсынылды ғой. Шыны керек, журналистер үшін МАИ бекеттерінен өту, маңызды шараларға қатысу арнайы рұқсатсыз, алдын ала тіркелусіз мүмкін емес. Бұл қауіпсіздік үшін қарастырылған шаралар болса да, журналистерге осы тұрғыда еркіндік берілуі қажет сияқты. Бірқатар шетелдерде журналистер көлігін қалаған жерге қойып кете береді. Бізде журналистер үшін бұл кәдімгі проблема. Осыны да ойластыру керек. Сонымен қатар көшеаралық көліктерде тегін жүруге рұқсат берілу қажет деп ойлаймын. Оқыс оқиғалардан сақтандыру, дәрігерге қаралу, жиі тап болатын стрестік жағдайларда психологтың қызметін ұйымдастыру да ескерілуге тиіс мәселелер. Мұны, әсіресе, медиакомпания басшылары назарда ұстау керек. Қазір енді журналистер үшін баспана алу қиын деп ойламаймын. Себебі, қатысушыларға шек қойылмайтын жеңілдікті бағдарламалар бар. Журналистер соларға құжаттарын тапсырып, қалаған пәтерлерін алуға болады.

– Өзгенің жайын көп көтеретін журналистің өз мұңы да жеткілікті. Біразының айлығы шайлығына жетпейді...

– Бұл ретте БАҚ-тың басшысында жауапкершілік болу керек. Бюджеттен мемлекеттік саясатты насихаттау үшін бөлініп жатқан қаржы аз емес. Қаламақыны көтеру үшін дербес шешім қабылдауға болады. Түсінемін, қағаздың шығыны өте көп. Десе де, білікті журналистерді қаржылық тұрғыда қолдаудың тетіктері аз емес. Журналистердің ізденісін ынталандыру арқылы БАҚ-тың рейтингін де көтеруге болады. Мысалы, шетелдерде басылымның бір бағанын иелену журналист үшін үлкен мәртебе. Бұл оның танымалдығын, беделін арттырады. Сонымен қатар, табысын да көбейтеді. Сондықтан осыны ұстап тұру үшін олар беріліп жұмыс істейді. Оқырмандар көп жағдайда осы бағана үшін газетті сатып немесе жаздырып алуы мүмкін. Жалпы, кез келген істің өз сапасына сай құны болу керек. Бұқаралық ақпарат құралдарында да бұл заңдылық қатаң сақталғаны жөн. Сонда сан да, сапа да артады, сәйкесінше табыс та көбейеді. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарына кәсіби саясаттанушылар, экономистер, құқықтанушылар тартылса, мәселелер сауатты көтерілер еді. Бізде журналистердің бұл тұрғыда білім деңгейлері ақсап жатады. Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыру үшін осы мәселелердің бәрі кешенді түрде қарастырылса құба-құп болар еді.

– Қазір біз адамдардың талғамын қалыптастыруға ұмтылмай, керісінше олардың ыңғайына жығылып бара жатқандаймыз. Соның бір айғағы – рейтинг. Рейтинг жиналмаса салмақты, танымдық, тәрбиелік сипаттағы хабарлар жабылып қалады да, керісінше көп көрілім жинаған жеңіл-желпі, еш берері жоқ бағдарламалар өмір сүре береді. Мысалы «Қалаулым» жабылып еді, орнына форматы дәл сондай басқа бағдарлама пайда болды.

– Мұндай хабарлар қазақ көрермендері үшін жаңалық та. Өйткені, бұрын отбасындағы мәселелерді ашық айтпайтын едік қой. Жалпы біз жабық халықпыз. Біріншіден, бұл бағдарлама таңғалу процесінен өтіп жатыр. Қазақ осылай ашық айта алатын болыпты ғой деген таңғалу. Қызығушылық деп айта алмаймын. Бұл – жаңалық. Тоқсаныншы жылдары сары басылымдар көбейіп кетіп еді ғой. Сол секілді бұл да шоу бағдарлама. Мұндай бағдарламаның болғаны негізінен жақсы. Бірақ ол үшін тілдік, ұлттық, әлеуметтік мәселелер шешіліп қою керек. Бұл хабарларға демалыс сәтінде көңіл көтеретін шоу деп қарағанымыз жөн. Ал біз оған тереңнен мән беріп кетеміз. Рейтинг үшін шығып жатқан мұндай бағдарламалар шетелде өте көп. Бірақ ол жерде басқа мәселелер шешіліп қойғандықтан олар алаңдамайды да, мәселе деп қарамайды да. Көретіні көреді, көрмейтіні көрмейді. Оларда мұндай хабарларды сыни көзқарасты дамыту үшін де жасайды. Жалпы, көрерменге сыни ойлай алу мүмкіндігін беру керек. Мынау дұрыс, мынау бұрыс деген өз пікірлері қалыптасқан жөн. Еркіндік берсе ғана сыни ойлау болады. Сондықтан қалыптан шығып отырған да дұрыс сияқты. Бізде әлеуметтік, жұмыссыздық, тілдік мәселелер бар. Пікірталас көп, басқа құндылықтардың орны бос тұрғаннан кейін мұндай хабарлардың шығуы ерсі көрінуі мүмкін. Сондықтан жоғарыда айтқанымдай, ұлттық журналистиканы дамыту керек.

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары рейтингке еріккендіктен жүгініп отырған жоқ. Негізінде олар ұлттық тәрбиеге қарсы емес, бұл қадамға көбіне олар қаражат үшін барады. Себебі, мемлекеттік тапсырыс осы рейтинг негізінде беріледі. Сондықтан бізге оның берілу өлшемдерін өзгерту керек. Басқа мәселені түзеп алмай, бірден рейтинг деген параметрді қою дұрыс емес. Бұл тұрғыда алдымен елдік мүдде, мемлекеттің қауіпсіздігі, аумағымыздың тұтастығы мәселесі тұруға тиіс.

– Ақпараттық қауіпсіздікке қатысты қандай пікірдесіз? Бізде шетелдік, оның ішінде ресейлік БАҚ-тар үстемдігі байқалатындай…

– Меніңше бұған шектеу қоюды құптамаймын. Себебі, біз ешкіммен жау емеспіз. Жалпы, белгілі бір арналарды көру, көрмеу әр адамның өз құқы. Ақпараттық технологияның дамыған заманында оған тыйым салу мүмкін емес. Мысалы мен өзім басқа елдерде хабарды қалай беріп жатыр, не болып жатыр деп көргім келеді. Негізінен, бұл мәселеде өзіміздің БАҚ контентін жақсартып қана басымдыққа ие бола алатынымызды ұмытпауымыз керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КЕЛБЕТ

БЕКЕТТІҢ БЕС ҚЫРЫ

Ағайынын емес, арда қазақты аспандатқан, руының емес, ұлтының рухын көтерген, әр ісінен іскерлігі аңғарылып тұратын арда азаматтың бірі – Бекет ТҰРҒАРАЕВ ағамыз. Жастайымыздан Бекет ағаның адамдығы, сот саласында атқарған игі істері жайлы естіп өстік. Ол кісі жайлы аңызға бергісіз естеліктер көп.

Бірде өз қалауымен тұрмысқа шыққан бойжеткеннің туыстары құдалардың берген китін олқысынып, «Он екіде бір гүлі ашылмаған қызымызды зорлап алып қашып, абыройын төкті» деп, сотқа шағым түсіреді. Аудандық сот жігітті бес жылға соттап жібереді. Бірақ, аяғы ауыр келін жігіті сотталғаннан кейін «Қанша жылда келсе де түскен босағамда күтем» деп, күйеуінің үйінен кетпей отырады. Облыстық соттың алқа мәжілісінде жігіттің жазықсыздығын дәлелдегенмен, әріптестерін көндіре алмаған Бекет аға болған жайды «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары Сарбас Ақтаевқа баяндайды. Осы мәселе бойынша журналистік зерттеу жасаған тілші Нұри Муфтах: «Келін үйде, күйеу не күйде?» деген тақырыппен мақала жариялайды. Республиканың бас газеті араласқан соң іс қайта қаралып, кінәсіз жігіт ақталады. Өз бауыры бостандыққа шыққандай қуанған Бекет аға сол күні газет редакциясына телефон шалып, алғысын айтқан екен. Бұл Бекет ағаның заң тармақтарын ұстанып сіресіп қалмай, әр айыпкердің ісіне байыппен ара түсуінің бірғана айғағы. Жиі болмаса да мұндай қиюы қашқан, жазаланушының кінәсін жеңілдетіп, отбасындағы ауыр жағдайдан құтқарып қалатын сәттер кездесіп тұрады.

«Тірлігінде тек жақсылық жаса, адамнан болмаса да Алладан қайтады» деген бұрынғылардың сөзін ол кісі өміріне бағдаршам етіп алған. Хакім Абай айтқандай атаның емес, адамның ұлы атануға, адамзаттың бәрін бауырындай сүюге талпынады. Бұл Бекет ағаның алғашқы, әрі ең басты қыры.

Екі жыл өндірісте істеп, тәжірибе жинақтап, 1974 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін үздік бітірген ағамыз жолдамамен Шымкент облыстық сотына тәлімгер болып барып, сот саласының сан қырлы жұмысын үйренеді. Алғырлығымен, іскерлік қабілетімен көзге түсіп, арада бір жыл өткенде облыстық соттың мүшелігіне сайланады. Ойын бүкпесіз айтып, іске белсене қатыса жүріп, 12 жыл облыстық соттың судьясы ретінде өз қызметін тап-тұйнақтай орындайды. Шымкент қаласындағы Дзержинский аудандық сотында төраға, кейін Шымкент облыстық, Солтүстік Қазақстан облыстық соттарында төраға болған тұстарында қабілет-қарымын жарқырата көрсетеді. Төраға болудың тек төрде отыру еместігін еңбегімен дәлелдейді. Дзержинский аудандық соты ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, уақыт талабына лайық техникалық құралдармен жабдықтап, кабинеттерін түгел компьютерлендірді. Облыстық, республикалық деңгейде семинар-кеңестер өткізіп, нәтижесінде аудандық сот республиканың үлгілі базалық соты деп танылып, тәжірибесі насихатталды.

Ағамыз кейіннен Шымкент, Солтүстік Қазақстан облыстық соттарының ғимараттарын жөндеп, компьютерлік жүйені батыл енгізіп, әдістемелік кабинеттер ашады. Сонымен қоса, облыстағы барлық соттардың материалдық-техникалық ахуалын заман талабына сай жақсартады. Сот жұмысын жеңілдетіп, халықпен жақындастыра түсетіндей ғылыми-техникалық базасын жетілдіреді. Бұл бастамалары да Жоғарғы Сот тарапынан үлкен қолдауға ие болып, жетістік ретінде бағаланды. Бұл Бекет ағаның екінші іскерлік қыры .

Өз кәсібін шебер меңгеріп, білгір атанған Бекет ағамыз қазақ тілінің, әдебиеті мен мәдениетінің жанашыры бола білді. Дзержинский аудандық сотында іс қағаздарының қазақша жүргізілуіне ықпал жасады. Азаматтармен қарым-қатынастың ашықтығын жеткізу мақсатында «Заң және заман» атты газет шығарып, мейлінше жариялылыққа жетуге құлшынды. Жұртшылықтың пікір-ұсынысына құлақ асып, мүмкіндігінше өз қызмет саласын елмен жақындастыруға күш салды. Республикалық прокуратураға қызметке ауысқанда да осы үн қағазды журналға айналдырып, таралымын 15 мың данаға дейін өсірді.

Еркін ел бола тұрып, орыс тілінде сөйлеп, үкімет пен министрліктер, тіпті Парламент мүшелерінің де өзге тілде сөйлейтініне көңілі толмай, «Егемен Қазақстан» газетінде «Санаға сілкініс керек» деген тақырыпта әр қазаққа ой салатындай, өз ана тілін құрметтеуге бағыт беретіндей проблемалық мақала жазды. Бұл республика тұрғындары тарапынан кең қолдауға ие болып, көптеген құнды ой-пікір қозғауға түрткі болды. Мәдениетімізді мәуелетіп, ұлттық үрдістерімізді жүзеге асырудағы тілдің рөлі орасан екендігін Бекет аға әлі де талмай, шаршамай көтеріп келеді. Мұның оң нәтижелері де байқалып отырғаны аңғарылады. Бұл Бекет ағаның ұлттық намысқа суарылған үшінші қыры.

Бекет ағаның ой-өрісі мұхиттай терең, білімі теңіздей телегей. Ол кіммен, қай министрмен, қай саланың маман-ғалымымен де терезесі тең жағдайда әңгіме-дүкен өрбітіп, елдің келешегі жайында озық ой қозғай алады. Ол батыс пен шығысқа, күллі қазаққа бірдей. Сонау Солтүстік Қазақстанда Қожаберген жырауды тарихи тұлға, батыр, қолбасшы, «Елім-ай» өлеңі мен әнінің авторы ретінде дәлелдеп қана қоймай, оған ескерткіш тұрғызып, есімін ел есінде қалдыру мақсатында еңбектерін жинақтап, кітап етіп шығарды. «Жеті жарғы» және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорын құрып, оған өзі басшылық етіп келеді. Бұдан өзге үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Шал ақын, Мағжан Жұмабаевтардың еңбектерін жинақтап, кітап етіп шығарып, республика көлеміндегі мектептер мен жоғары оқу орындарына, мәдени ошақтарға, жалпы халыққа жетіп, тарихи мұрамен сусындауына басшылық жасады. Қожаберген жырау мен Шал ақынның, академик Евней Букетовтің ескерткіш бюстерін жасатып, туған жерлеріне қойдырып, халқымен қауышуын қамтамасыз етті. Атақты Тоқсан бидің жерленген моласын тауып, басына кесене орнатып, бір ауылға, Петропавл қаласындағы бір көшеге атын қоюға қол жеткізді .

Бекет аға тарихтың шежіредей кезеңдеріне де сергек көңіл бөледі. 1681–1684 жылдары сонау батыстан қол жиып келіп, жоңғар қалмақтарымен Сайрам үшін соғысып, қазақ жерін қорғап ерлікпен қаза тапқан Тілеу Айтұлы мен ұлы Жолдаяқ батырға Шымкент қаласындағы Қажымұқан стадионы маңынан ескерткіштің орнатылуына күш салды. 2021 жылы қазан айында «Созақ қасіреті» мемориалы Созақ ауданының Созақ ауылында Бекет ағаның бастамасымен Созақ көтерілісінің 90 жылдығына қарай ашылды. Сондағы жазушы Талас Омарбековтің «құны сұраусыз, өлімі жылаусыз кеткен» ардақтылар жайлы сөзі жұртты қатты толғандырды. Бекет ағаның табандылығымен Созақ өңірінен шыққан қазақтың атақты күйшісі Сүгір Әлиевке Домбыра күні қарсаңында Шымкент қаласында ескерткіш орнатылды .

Алматы облысы Панфилов ауданындағы Қосқолаң тауының етегіндегі Сарыбелде ескерусіз қалған ұлы қолбасшы салқам Жәңгір хан мен оның 56 батыр сарбазы жатқан Орбұлақ шайқасы өткен жерді қоршатып, ханға лайық ескерткіш белгі қойғызды. Ал кейін Сарапханадағы «Бабалар рухына тағзым» кесене-ескерткіштер кешеніне көрік қосып тұрған Салхам Жәңгір хан мен Жалаңтөс баһадүрге ескерткіш орнатылды. Осы аймақтағы бір-бірінен архитектуралық сәулеті кем емес Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер сұхбат құрып отырғанынан көрініс беретін «Үш би», Атақты палуан Қажымұқан, «Анаға тағзым», «Алаш арыстары» ескерткіштері де келушілердің назарын аударады. «Ерлер есімі – ел есінде» айдарымен Ұлы Отан соғысына барған және соғыстан қайтпай қалған 410 азаматтың есімін мрамор тақтаға ойып жазу да елдікті дәріптеудің белгісі. Түгейболат бабаға арналған биіктігі 21 метрлік мрамордан тұрғызылған алып ескерткіш пен Түгейболат баба мен Қырбас ана кесенесі де менмұндалайды. Киелілер кесенесінің, пір Бекет ата кесенесінің, қонақ қабылдайтын төрт шаңырақтың «Мәңгілік ел» саябағы мен ондағы 2500 түптей жасыл желек жамылған түрлі ағаштың, жастар саябағының қай-қайсысы да жоғары талғаммен орналастырылған. Бекет Тұрғараев тұрғызған тұғырлар қатары жыл сайын көбейіп келеді. Бұл Бекет ағаның тағы бір қыры.

Ақыл, қайрат, білімді тең ұстайтын, кісілігіне кішілігі, ісіне ізгілігі сай ағамызға халықтың құрметі жоғары. Ол белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың өз қалауымен он томдығын шығарып берді. Сонда жазушы «Танымайтын адамға неге осынша қаржы шығындадың?» дегенде:

– Ұлы Жеңістің 60 жылдығына сізге тосын сый жасап, қуантқым келді, – деп жауап қайырған екен.

Меценат бұдан өзге Евней Букетовтің, Қадыр Мырза Әлидің, Серік Қирабаевтың, өзге де қаламгерлердің кітаптарын өз қаржысымен бастырған. Өзі өскен Сарапхана кентінің Талдыбұлақ бастауыш мектебін орталау мектепке айналдыруға, оның ғимаратын салдырып, құрал-жабдықпен қамтамасыз етуге көмектескен. Қазығұрт ауданында 2002 жылы шыққан «Қазығұрт» энциклопедиясын, Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясын шығаруға демеушілік жасаған.

Бекеңнің ерен еңбегі лайықты бағаланған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері. Түркістан облысының, Қазығұрт, Панфилов аудандарының Құрметті азаматы атағына ие. «Парасат», «Құрмет» ордендері мен Түркістан облысының «Жомарт жүрек», «Жыл тұлғасы» сыйлықтарының иесі.

Н.ШЕТЕНОВ,
Сарыағаш аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ЖАҢА БИІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қоғам болғасын дау-жанжалдың болатыны рас. Сотқа жүгінгендердің бірі жерін, бірі баласын, енді бірі қарызын даулап жатады. Мұндай кезде қай мемлекетке де туралықты айтатын судьялар, әділдіктің туын құлатпайтын сот қажет.

Серік НАУРЫЗБАЕВ, Мұнайлы аудандық сотының төрағасы

Ата Заңымызда Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны, сот билігі Конституцияның, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылатыны көрсетілген.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды баспалдағын қалап берді. Аталған заң аясында қазылардың әлеуметтік жағдайы жасалып, қызметі материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілді. Одан бөлек, төрт жылда бір рет өткізіліп, сот саласына қатысты нақты мақсаттар мен тапсырмаларды екшеп беретін судьялардың әр съезінің орны бөлек десек қателеспейміз.

Елімізде арнайы мамандандырылған соттар құрылып, сот төрелігі жаңа институттармен толыға түсті. Мәселен, тергеу судьясы институты енгізіліп, тергеу әрекеттеріне сот бақылауы орнатылып, бүгінде тұтқынға алу мен қамауда ұстауға санкцияны соттар беруде. Сондай-ақ, «Медиация туралы» заңның қабылдануы нәтижесінде даусыз дау-жанжалдарды сотта және сотсыз шешудің берік негізі қаланды. Татуласу орталықтары, медиация кабинеті, құқықтық қызмет көрсету орталықтарының көптеп ашылуы, медиация рәсімдерінің белсенді насихатталуы арқасында бітіммен аяқталған істердің саны күн сайын артып келеді.

Заманауи технологияларды сот саласына енгізу саланың бойына нәр жүгіртіп, түбегейлі жаңғыртты. Сот отырыстары дыбыс-бейнежазбамен таспаға жазылып, тараптар сот отырыстарына қашықтан қатысуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, сотқа арыз, өтініш беру де жеңілдетілді, яғни үйде отырып-ақ, сот жүйесінің бірыңғай қызметтеріне ғаламтор желісінің көмегімен оңай қол жеткізуге болады. Әсіресе, пандемия кезінде сандық технология сот жүйесін көштен қалдырмай, сот процестерінің үздіксіз өткізілуіне жол ашты. Судьялардың сегізінші съезінің өзі онлайн өткізіліп, оған 400-ге жуық делегат пен мейманның қатысқаны белгілі. Аталған съезге қатысқан Мемлекет басшысы карантинге қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен түспегенін, ақпараттық технологияның арқасында сот процесін қашықтан жүргізу форматына жедел көшірілгеніне ерекше тоқталғаны есімізде. Сондай-ақ, елімізде былтырдан бастап енгізілген әкімшілік әділет институты да санаулы уақыттың ішінде өміршеңдігін көрсетіп отыр. Аталған институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырып, заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне шешілетінін заң жүзінде қамтамасыз етіп берді. Тағы бір айта кетерлігі, үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Осы жаңашылдықтың бәрі отандық соттың жаңа биікке көтерілуіне, соны өзгерістерге қол жетізуіне серпін берері сөзсіз.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҮЛГІ

ӘРІПТЕС

Биыл тұңғыш рет 24 маусымда – Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі күні аталып өтілді. Бұл айтулы мереке сот саңлақтарына құрмет көрсетіп, күрмеуі қиын қызмет иелерінің еңбегін шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Сот жүйесіне айтарлықтай еңбек сіңірген азаматтың бірі – Боранбай Ғалиев. Боранбай ағаны дүйім жұрт қарымды қаламгер, білікті журналист ретінде жақсы таниды. Ол еңбек жолының жартысынан көбін Атырау облыстық сотының баспасөз қызметіне арнады. Өңір соттарының тарихын зерттеп, сот қабырғасынан мұражай құрды, бірнеше зерттеу-естелік кітаптарын жазды. Қазір де ардагер ағамыздың қылмыстық хроника мен азаматтар құқығы туралы жазған мақалалары жұрт сұранысына ие.

Атырау облысының сот саласына Боранбай Ғалиевтың қосқан үлесі өлшеусіз. Ол баспасөз хатшысы болып жұмыс істеген жылдары сот тарихының шежіресін жасап, сот төрелігінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге барын салды. Оның соттар бюрократиялық тұрғыда жұмыс жасайды деген қасаң пікірді жоққа шығарып, соттардың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудегі еңбегі зор.

Сот пен журналистика саласын қатар меңгерген әріптес ағамыздан үйренеріміз өте көп. Тел өскен ағамыздың еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдары мен сот жүйесіндегі талай жылғы мүлтіксіз қызметі үшін Жоғарғы Сот төрағалары болған Қайрат Мәми, Бектас Бекназаров секілді апталдай азаматтардың құрметіне ие болды.

Жалпы Боранбай Қожанұлы Халел Досмұхамедов, Салық Зиманов сынды зиялылар дүниеге келген Атыраудың қиян шетіндегі Қызылқоға ауданының тумасы. М.С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін тәмәмдаған ағамыз әр жылдары республикалық және жергілікті газеттерде тілшілік қызметтер атқарған.

Бүгінде асыл жарымен бірге алтын асықтай ұл мен қыз тәрбиелеп, бейнеттің зейнетін көріп отырған ағамызды қатар келген қос кәсіби мереке – сот қызметкерлері және журналистер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Ізінен ергендерге жол көрсеткен ақ пейіл ағамыздың ғұмыры ұзақ, жазары көп болсын!

Мейрамгуль УТЕГУЛОВА,
Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ІНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДАМУДЫ ТЕЖЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның ішінде Қазақстанда да әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Осы аталған салада заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлықтардан туындайтын қауіп қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған.

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықтың ерекше белгісі ол қылмыс субъектілерінің өз қызмет бабына, құқықтық мәртебесін және қызмет мүддесіне қайшы әрі құқық пен ар-ожданның қалыптасқан нормаларына қайшы лауазым-беделін пайдалану жолымен істелінеді. Онымен күрес әрбір азамат үшін ортақ парыз. Аталмыш заңсыздықпен күресу әрбір мемлекеттік орган басшыларының, ел азаматтарының міндеті.

Қоғамның барлық саласына еніп бара жатқан, оған батыл тосқауыл қойып, зардаптарын жою және жемқорларды жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі. Осындай келеңсіз құбылыстармен үздіксіз күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың ғана емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы деп ұғынған жөн.

Мемлекет басшысы «Біз ұлттық экономиканың ашықтығына, келісім-шарттарға қол сұғылмайтынына, зияткерлік меншік құқығы сақталатынына және жемқорлықпен аяусыз күрес жалғаса беретініне кепілдік береміз», – деді. Себебі, сыбайлас жемқорлық қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында «Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет. Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек, сондай-ақ, заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек», – деді. Сыбайлас жемқорлыққа бой алдырмау, түптеп келгенде, әркімнің ар-ожданы, ерік-жігеріне де байланысты екенін естен шығармаған жөн.

Е.ТІЛЕУБАЙ,
Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

ҚАЗЫНА

ТІЛ – ӨТКЕН МЕН БҮГІНДІ ЖАЛҒАУШЫ

Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл.

Қазақ тілінің қайығы кері қарай жүріп бара жатыр дей алмаспыз. Даму бар. Алға жылжу байқалады. Ауызды ку шөппен сүртуге болмас. Дегенмен, ана тіліміздің адымдап дамуына өзіміздің де кері әсер етіп жататын кездеріміз бар. «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, діні де – тілінде» – деп В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза, әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал.

Қай ұлттың өкілі болмасын Қазақстанда тұрады екен, оны қасиетті де киелі Отаным деп мойындап, оның гүлденуі үшін қызмет етуі тиіс. «Бір халықпыз, өзгелерге үлгі-өнеге көрсететін ұлтпыз. Мынау он сегіз мың ғаламның ортасынан біздің де алатын орнымыз бар» деген биік сенім, сезімде болуымыз керек. «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ. Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің тағдырын кәсіпорындар мен мекеме басшылары аудармашыларға немесе мемлекеттік тілге жауапты қызметкерлерге жүктеп қоюда. Ал, тілдің тағдыры тек мұнымен шектелмейді. Бұл жолғы үлкен үміт күттіріп отырған бағдарламаның орындалуы «Қазақ тілі» қоғамына, жергілікті жердегі тілдерді дамыту басқармаларына ғана емес, біздің бәрімізге, еліміздің, әр азаматына тікелей байланысты.

Қазақстанда тілді дамыту үшін барлық жағдайлар жасалынып жатыр. Ендігінің бәрі өзімізге байланысты.Қазақ тілі – қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазына. Қаймақты тілді пайдаланбай, қаспақтың түбін қырғыштап жүргендерге айтарым: әркімнің ана тілі – тірлік үшін керек, мемлекеттік тіл – бірлік үшін керек.

И.НУРГАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданарлық соты кеңсесінің бас маманы

БІЛГЕН ЖӨН

СОТ ПРИСТАВЫ КІМ ЖӘНЕ ОНЫҢ МІНДЕТІ ҚАНДАЙ?

Кемінде жиырма бір жасқа толған, орта білімі бар, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті және арнаулы тексеруден өткен Қазақстан азаматы сот приставы бола алады. Приставқа нысанды киім (погонсыз), сәйкестендіру картасы және жетон беріледі.

Сот приставы сот отырысы кезінде залдағы қоғамдық тәртіпті сақтайды; бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалардың орындалуын бақылайды; іс жүргізу әрекеттерін орындауда сотқа жәрдемдеседі; сот үйлерін күзетуді қамтамасыз етеді, судьяларды және процестің басқа да қатысушыларын күзетеді.

Сот приставы өз міндеттерін орындау кезінде ішкі істер органдары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен заңға қайшы келмейтін жағдайларда көмек сұрауға құқылы. Сот приставы қызметінің құқықтық мәртебесі арнайы заңмен реттеледі. «Сот приставы» туралы заңның 2-бабына сәйкес, сот приставының заңды талаптарын барлық тұлғалар орындауға міндетті. Сот отырысындағы тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында тараптардың төрағалық етуші судьяның өкіміне бағынбауына, рұқсатсыз сөйлеуіне, бір-бірін балағаттауына және алкогольдік ішімдік ішкен мас күйінде сот отырысына қатысуына жол берілмейді.

Сот процесіне шақырылған тараптар қасақана келмей немесе төрағалық етуші судьяға дөрекі сөйлеп, сот приставының ескертуіне құлақ аспаған жағдайда сот приставы ӘҚБТ кодекстің 653-бабын қолданып, әкімшілік хаттама толтырады.

Ербол ХОЖАЛЕПЕСОВ,
Жаңаөзен қалалық сотының сот приставы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҰҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престіж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ТАРАТУ

3. ««Жанкент» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі (БСН 160840015434) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бірлік ауылдық округі, Бірлік ауылы, Жанқожа батыр көшесі, 46 үй.

5. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Петропавл қалалық аумақтық инспекциясы» ММ БСН 991140003877 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150010, ҚР СҚО, Петропавл қ., Гоголь к-сі, 19, тел. 8(7152) 533695.

6. «ТАШИМБЕТОВП» ЖШС, БСН 190240013085 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Жидебай батыр мөлтек ауданы, 24 үй, 9 пәтер. Тел: 8 707 983 69 70

9. «Шортанды ауданы кәсіпкерлерінің ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі (БСН 080340009870) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Киевская көшесі, 78/2 үй.

10. «Web Works (Вэб Воркс)» ЖШС, БСН 220440053426, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 85, 73 пәтер. Тел. 87019903400.

11. «Mini Kingdom (Мини Кингдом)» ЖШС, БСН 220440054513, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 85, 219 пәтер. Тел. 87019903400.

ЖОҒАЛУ

4. «Tron Capital» АҚ-ның БСН 210440031176 жоғалған Жарғысын жарамсыз деп санауыңызды сұраймыз.

ӨРТҮРЛІ

8. «Ақ Жайық» ИЖҚ (лицензия № 138) және «Батыс Бензин Инвест» ИЖҚ (лицензия № 155) құқықтық мираскоры болып табылатын «Ақ Жайық» қаржылық-өнеркәсіптік компаниясы» АҚ-ның директорлар кеңесі 2022 жылдың 28 шілдесінде сағат 12.00-де ҚР, 090000, Орал қаласы, Азербайджанская көшесі, 48 мекенжайында «Ақ Жайық» ҚӨК» акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының өтетіндігін хабарлайды.

Акционерлерді тіркеу мерзімі: 2022 жылдың 28 шілдесінде 9 сағат 00 минуттан 11 сағат 30 минутқа дейін.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен акционерлер 2021 жылдың 20 маусымынан бастап Нұрпейісова көшесі, 12, №25 бөлмеде таныса алады, акционерлердің тізімі 2022 жылдың 20 маусымында жасалады.

Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінде:

1. Қоғамның акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
2. Қоғамның 2021 қаржылық жылындағы жылдық қаржылық есебін бекіту және Қоғамның таза кірісін бөлу.
3. Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне жүгіну мәселелерін және оны қарау нәтижелерін қарау.

Кворум жиналмаған жағдайда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 29.07.2022 ж. 12.00-де көрсетілген мекенжайда сол күн тәртібі бойынша өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесі Ақмола облысы Есіл аудандық сотының отставкадағы судьясы

СӘЛДИНА
Бөпе Құрманайқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл облыстық сотының судьялар қауымдастығы және ардагерлері Тараз қалалық сотының судьясы Умарова Нигора Рахматулаевнаға

анасы
УМАРОВА Махбуба Вохидовнаның

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚСТАН ҚАҢҒЫБАСТАР ЕЛІ МЕ?

21 маусымда Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында Джу Юп Лидің орыс тіліне аударылған «QAZAQLÏQ и образование казахов. Государство и идентичность в постмонгольской Центральной Евразии» (QAZAQLÏQ және және қазақтардың қалыптасуы. Постмонғолдық Орталық Евразиядағы мемлекет және бірегейлік») деп аталатын кітабының таныстырылымы өтті. 2016 жылы ағылшын тілінде жарық көрген бұл кітап 2017 жылғы Орталық Еуразиялық зерттеулер қоғамының (Central Eurasian Studies Society) «Тарих және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ең үздік зерттеу кітабы» сыйлығын жеңіп алған.

Шараны ұйымдастырған Shon қоры тарапынан бұл кітап ағылшын тілді оқырманға постмонғолдық Орталық Евразияда қазақ феноменінің қалыптасуы және оның қазақтардың пайда болуымен байланысы туралы авторлық пікір ұсынған алғашқы еңбек деп бағаланып отыр. Олардың сөзіне қарағанда, түпнұсқа зерттеулерге негізделген ғылыми монография «qazaqlik» (qazaqlïq) аясында қазақтардың қалыптасуы мен қазақ бірегейлігі жан-жақты қарастырылған. Qazaqlik – өз мемлекетін немесе руын тастап кету немесе шекаралық аймақтағы еркін қарақшының өмірін қамтитын саяси көшпеліліктің бір түрі. Оны таныстырылым кезінде автордың айтқанын орыс тіліне аударған аудармашының сөзінен өзіміз де анық байқадық. Бастапқыда шараға жиналған өзге адамдар секілді мен де аудармашы дұрыс аудармаған шығар деп отырдым. Сосын қасымда отырған ғалымдардан мына кісі дұрыс айтып жатыр ма деп сұрап көрдім. Олар да мен сияқты аң-таң боп отыр екен.

– Бұл шетелдік авторлардың жарық көріп отырған алғашқы еңбегі емес. Менің ойымша, бір жағынан, мұнда терең білім жоқ. Екінші жағынан, сыртқы көзқарас қана бар. Дегенмен бұл да бізге қажет. Осындай әдебиеттерді талдаған кезде, Қазақстанның өз ішіндегі көзқарас тұрғысынан қараймыз. Ал сырттағы зертеушілер қазақтың шыққан тегі мен ерекшелігін өзіміз сияқты жетік білмейді. Сондықтан автордың ұсынған жазба дерек көздерін өзі қаншалықты білетінін және оны қалай талдағанын қазір өзінен сұрағым кеп отыр. Өйткені «Мәдени мұра», «Архив-2025» бағдарламалары аясында біз қазақ халқының тарихына қатысты шетелдегі көптеген құнды архив құжаттарына қол жеткіздік. Бұл жерде автордың жеке көзқарасы көрсетілген. Ол біздің даламызды да білмейтін сияқты. Әйгілі жапон зерттеушісі Токи Фудзимото қазақ халқы туралы өз еңбегін жазарда біздің тілімізді меңгеріп қана қоймай, арнайы Павлодар облысында бір жыл тұрған болатын. Джу Юп Ли қазақ тарихына шын қызығатын болса, алдымен біздің ділімізбен, мәдениетімізбен, даламызбен жақын танысқаны жөн шығар. Сонда ол бізді қарақшы, қаңғыбас деп айтпас еді. Қазақылық ұғымының мағынасы мүлде бөлек. Оны аударма арқылы танып, білу мүмкін емес. Көшпелі тұрмыс – қаңғыбастық емес, өмір салты. Бұл кісі, мына еңбегіне қарағанда, бізге қаңғыбас халық қарақшылықтан қалай мемлекетке айналды деп қана қызығып зерттеп жүрген сияқты, – деді тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Тарихи материалдарды зерттеу бойынша республикалық ақпарат орталығының директоры Меруерт Әбусейітова. Ал қайта құру дәуіріне дейін Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында қызмет жасап, кейін тіршілік қамымен бизнеске ауысқан тарихшы Мирас Мұқашұлы: «Джу Юп Ли өзінің бұл еңбегін қазақ халқы оқысын десе, орысша емес, алдымен қазақша аудартуы керек еді. Бұл ағылшын тілді оқырманға ұнағанмен, қазақтарға қызықты бола қоярына күмәнім бар. Қазақты білмейтін, оның өмір салтын көрмеген адам үшін мұндай еңбектердің пайдасы аз. Мазмұнын шолып шыққан соң, оны оқуға уақыт жоғалтқым келмей қалды», – деп ағынан жарылды.

Орталық мемлекеттік архивтің директоры Сәбит Шілдебай болса: «Қазақ тарихына қатысты шетел ғалымдарының еңбектерін оқып, білгеніміз дұрыс. Тіл білмейтін тарихшылар үшін, интеллигенция үшін осындай кітаптарды қазақ тіліне аударып, таныстырғанымыз өте дұрыс. Өйткені, шетелдік ғылыми ортаның бізге, тарихымызға қатысты көзқарасын, ұстанымдарын, олардың теориялық әдістемелік негіздерін игергеніміз, білгеніміз өте қажет. Сол тұрғыдан бұл кітаптың аударылғанын оңды деп бағалаймын. Алайда кітапты енді ғана қолыма алып тұрғандықтан, оның мазмұнына қатысты әзірге ештеңе айта алмаймын», – деді.

Шарадан соң қолға түскен кітапты парақтап отырып, екінші тараудағы автордың: «В постмонгольский Центральной Евразии политические авантюристы или аутсайдеры, бежавшие из свох изначальных мест пребываний и отдаленные регионы, где занимались разбоем, стали называться казаками (qazaqs) в значений беглых разбойников и бродяг… В этом исследовании я ссылаюсь на бегство и грабеж как вид деятельности, который выполнялся беглыми кочевниками в поисках выживания и практиковавших «квази-казаклык» (quasi-qazaqlïq). Квази-казаки (quasi-qazaqs) отличались от мобильных скотоводов тем, что они были беглецами, иногда формировавшими полностью мужские военные группы, которые полагались в основном на разбой, а не на скотоводство. Из-за деятельности квази-казаклыков предводители племени все меньше и меньше могли защищать свои территории, в то время как беглые банды квази-казаков иногда приводили к образованию новых государств или даже приобретали новые идентичности» (82-бет) деген сөзін оқыған соң, ойым мүлде өзгере бастады. Өйткені, Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның «Қазақ» газетінің 1913 жылы №2 санында жарық көрген «Қазақ тарихы. Сөз басы» деген мақаласында: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғанын, не істеп не қойғанын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді» (Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы. III том. – «Сарыарқа» баспа үйі, Астана, 2009. 375-376 беттер) дегенін еріксіз есіме алдым. Егер шетелдіктер қазақты, Қазақстанды Джу Юп Лидің сөзімен қазір де қашқын, қаңғыбас, қарақшылар елі деп танитын болса, дамыған 50 елдің қатарына кіруді мақсат етіп отырған Қазақстан үшін бұл әлемге «Жаңа Қазақстанды» танытуда атқарылар шаруаның жеткілікті екенін аңғартады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

Құрылыс саласында жобаны жоспарлаудан бастап, оны жүзеге асыруға дейінгі үдерісті бақылап, қадағалау барысында қолданыстағы заңнаманың түйткілді тұстары жеткілікті. Бұл мәселе 15-17 маусым күндері Алматыда өткен «Ірі қалалардың дамуы мен қауіпсіздігінің өзекті мәселелері» атты Еуразиялық инновациялық форумда сөз болды. Оны Қаныш Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық зерттеу университетінің Т. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты мен Ресейдің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің Орталық ғылыми-зерттеу және жобалау институты бірлесіп ұйымдастырған болатын. Сарапшылардың айтуынша, ірі қалалардың дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі түйткілді мәселелер бұрынғы кеңестік республикалардағы жағдайға ұқсас. Сондықтан бұл шараның басты мақсаты саладағы қордаланған мәселені шешуге ТМД-ға мүше мемлекеттердің ғалымдары мен мамандарының күш-жігерін біріктіру болып отыр.

ҚҰРЫЛЫСТА ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕ КӨП

Форумда ең бірінші боп баяндама жасаған архитектура докторы, ҚазҰТЗУ-дың Т.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институтының профессоры Алексей Әбіловтің айтуынша, орнықты даму (ОД) тұжырымдамасын іске асыру теориясы мен практикасы арасындағы алшақтық Қазақстандағы қала құрылысы қатынастары саласына да елеулі дәрежеде әсер етіп отыр. Оған сәулет-қала құрылысы қызметі саласындағы заңнаманың жетілдірілмеуі де түрткі болуда. Қазіргі уақытта ҚР Сәулетшілер одағының бастамасымен жоғарыда аталған заң баптарының басым бөлігін қайта қарау бойынша жұмыс басталды.

– Бас жоспарларда қабылданған шешімдер, шын мәнінде, қала шекараларына әзірленген Бас жоспарлардың нысандарын қамтитын аумақтарды дамытудың жалпы стратегиясынан шықты. Қазақстан дамуының алғашқы онжылдығында ғылыми-зерттеу институттарының жоқтығынан аудандық жоспарлау және аймақтық қоныстандыру жобалары құрылмады.

Соңғы уақытта ғана осы олқылықтың орнын толтыруға «тәуекел еткен» ҒЗИ, ұйымдар пайда болды. Соның нәтижесінде тәуелсіздік жылдары алғаш рет қала құрылысы бойынша жобалау жұмыстарының ең жоғары таксономиялық деңгейіне шығуға талпыныс жасалған «ҚР-да аумақтарды ұйымдастырудың бас схемасы» әзірленді. Алайда, бұл жобаны әзірлеудің қысқа мерзімі, көп адамның қатысуы, бірлескен орындаушылар күш-жігерін жеткілікті түрде үйлестірмеген жағдайда, осы схеманың бірқатар ережелерін ғылыми негіздеудің шығындары мен оның құрылымдық құндылығын едәуір төмендетіп жіберді, – дейді Алексей Жайлханұлы.

Ал ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Кенжебек Ақмалайұлының сөзіне қарағанда, Қазақстан 2015 жылдан бастап құрылыс саласында еуростандартқа өтті. Үй болсын, өндірістік құрылыс болсын, міндетті түрде ол қалалық құрылыс басқармасымен келісіліп, бекітілуі керек. Яғни тапсырыс беруші мен құрылысты салушының арасындағы байланыс нормативтік құжаттарға негізделуі тиіс. Оны қадағалау қала құрылысы мекемелеріне жүктелген.

«Негізгі құрылыс материалдары шикізатының көзі Қазақстанда жеткілікті. Мәселен, цемент бұрын Қарағанды, Шымкент, Өскемен, Семейде ғана бар еді. Қазір шағын цемент зауыттары көбейді. Өйткені оған керек шикізат елімізде жеткілікті. Жалпы, құрылыстың 80 пайызы бетоннан тұрады. Бетонға керек шикізаттар – қиыршық тас, малта тас, құм, цементтің бәрі Қазақстанда шығарылады. Химиялық заттар ғана басқа жақтан тасымалданады. Бағаның көтерілуі өндіріс орындарының бәрі жекеменшік қолында. Олар көбірек табыс табу үшін өз өнімдерін қымбатқа сатуға тырысады. Егер мемлекет тиісті деңгейде бақылап, қадағалап тұрса, ондай болуы мүмкін емес. Жалпы, құрылыс саласының маңызын ескере отырып, бізге мемлекеттік өндіріс орындарын қайта құру қажет. Егер мемлекеттің қарауында болса, нарықта құрылыс материалдары жеткіліксіз болмайды. Өйткені ол тиянақты түрде, бәрін жоспарлы түрде шығарып жүзеге асырады», – дейді Кенжебек Ақмалайұлы. Оның пайымдауынша, құрылыс саласындағы бағаның бәрі шикізатқа келіп тіреледі. Өкінішке қарай, құрылыс материалын шығаратын ғалымдардан ешкім мынаны қайдан алайық деп сұрамайды. Егер құзырлы министрліктің Құрылыс комитеті бізге мынандай өнім керек десе, ғалымдардың оны түрлендіріп, сапасын жақсартуға әлеуеті бар.

Негізі қандай өндіріс болса да, әуелі ғалымдармен ақылдасып алу керек. Мынадай жобамыз бар, бізге мынаны жасап берші деп. Содан кейін ғылым тәжірибе жүзінде сынап, өндіріс соны қолданысқа енгізу керек. Оған ғылыми-зерттеу институттарының әлеуетін пайдалану қажет. Онсыз экономиканың қозғаушы күші саналатын құрылыс саласы өндіріске айтарлықтай серпін бере алмайды. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін құрылыс саласындағы жекелеген өндірістік топтардың ықпалын заң жүзінде реттеп, ондағы мемлекет мүддесінің қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігін форумға қатысушы сарапшылар толық дәлелдеді. Олар енді құзырлы органдар тарапынан нақты іс қажет деп отыр.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

СҮЙІНШІ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ! ІСКЕ СӘТ!

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №86 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31